

**"ҚР және шет елдердің қылмыстық процессуалдық құқығы" пәні бойынша
ХҚФ, Халықаралық құқық бөлімінің
3 курс бакалавриаттарына арналған қорытынды емтихан
бағдарламасы Оқытушы – Апенев С.М.**

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫҚ БАҚЫЛАУ

Емтиханды өткізу нысаны – жазбаша-оффлайн

"ҚР және шет елдердің қылмыстық процессуалдық құқығы" пәні бойынша емтиханды сәтті тапсыру үшін студент:

- өткен бағдарламаға сәйкес оқыту курсы мұқият зерделеу;
- курс тақырыптары бойынша қосымша әдебиеттерді қарау;
- қылмыстық процестің практикалық сұрақтарына жауап беру үшін ұғымдық және терминологиялық аппаратпен жұмыс істеу;
- сұрақтарға жауаптың анықтығын қаматамасыз ету үшін Қылмыстық процестің кодекстің ережелеріне сүйену ;
- қылмыстық істер бойынша практикалық қызметтерде шешімдер процессуалдық құжат түрінде жасалатындықтан шығарылатын құжаттың атауын беру және онда қандай жағдайлар көрсетілетінін ескеру;
- қылмыстық істер бойынша сот-тергеу органдары анық бір шешім қабылдайтындықтан балама жауаптарды өз шешімі ретінде көрсетпеу.

Емтихан өткізу ережелері.

Жазбаша емтихан бейнекамерасы бар аудиторияда өткізіледі.

Жазбаша емтиханға жауапты дайындау уақыты 2 сағат. Жауапты дайындау кезінде заңдарды, оқулықтарды, дәріс материалдарын пайдалануға, өзге студенттерден сұрауға рұқсат етілмейді. Бұл ережелерді бұзған студент емтихан тапсыру аудиториясынан шығарылады және емтихан тапсырылмаған болып саналады.

Билетте 3 сұрақ болады. Қорытынды бақылау сұрақтары міндетті түрде сабақтың барлық түрлерінде (дәрістер, практикалық, БӨЖ) қарастырылатын тапсырмаларды, сондай-ақ аралық бақылауға берілген сұрақтарды қамтиды.

Емтихан тапсыру уақытында сыртқа шығуға рұқсат етілмейді.

Бағалау саясаты. Қорытынды бақылау (емтихан) - 100 балл. Бағалау келесі схема бойынша жүзеге асырылады:

1 сұрақ - 30 балл

2 сұрақ - 30 балл

3 сұрақ -40 балл.

Емтиханды өткізу кестесі.

Емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі, ол туралы студенттерге хабарланады.

Баллдар Универ АЖ-дегі қорытынды ведомоске қойылады. Жазбаша

емтихан үшін аттестаттау ведомосына балл қою уақыты-24 сағат.

Емтихан сұрақтары құрастырылған курс тақырыптарының тізімі:

1. Қылмыстық процестің практикумы пәнінің түсінігі және міндеттері.
2. Сотқа дейінгі тергеуді бастаудың тәртібі.
3. Сотқа дейінгі тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы шарттары.
4. Күдіктіні ұстаудың процессуалдық тәртібі.
5. Күдіктіден, куәден, жәбірленушіден жауап алудың процессуалдық тәртібі.
6. Жауап алу және беттестіру жүргізудің негіздері мен тәртібі.
7. Қарау және куәландыру жүргізудің негіздері және процессуалдық тәртібі.
8. Танытуды жүргізудің негізі мен процессуалдық тәртібі.
9. Тінту және алуды жүргізудің негіздері мен процессуалдық тәртібі.
10. Тергеу экспериментін және жауапты орнында тексеру және нақтылауды жүргізудің негіздері мен тәртібі.
11. Үлгі алу және сот сараптамасын тағайындаудың негіздері мен процессуалдық тәртібі.
12. Сот сараптамасын қайталай және қосымша тағайындаудың негіздері.
13. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізудің негіздері және процессуалдық тәртібі.

14. Дәлелдемелерді алу тәртібі және оларды бекіту.
15. Сотқа дейінгі тергеуді тоқтатудың және істі қалпына келтірудің негіздері мен процессуалдық тәртібі.
16. Айыптау актісі сотқа дейінгі тергеу сатысын аяқтаушы процессуалдық құжат ретінде.
17. Процессуалдық келісімдерді жасаудың негіздері және тәртібі.
18. Апелляциялық және кассациялық сатыларда сот шешімдерін қайта қараудың негіздері мен тәртібі. Бақылау нысаны ауызша.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексі. 2014 жылы қабылданған.
2. Әпенев. С.М., Айдарбаев С.Ж., Шакиров К.Н. Қазақстан Республикасының және шет елдердің қылмыстық процессуалдық құқығы. (Сотқа дейінгі өндіріс) Жалпы және Ерекше бөлімдері. Оқулық. –Алматы, 2016 ж.
3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының жинағы.
4. Уголовный процесс практикум. Учебное пособие. /Под редакцией А.С. Таран. – Москва: USTITA, 2016.
5. Практикум по уголовному процессу / Под ред. д-ра юрид. наук, проф. Л.В. Головки. 6-е изд., перераб. и доп. - М.: Статут, 2017.
6. Уголовный процесс. Практикум. Учебное пособие для бакалавриата и специалиста. /Под редакцией А.А. Усачева. 2-е издание, переработанное и дополненное. – Москва: Юрайт, 2019.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН РУБРИКТОР

Пәні: Қазақстан Республикасының және шет елдердің қылмыстық процессуалдық құқығы
Деңгейі: бакалавр дәрежесі. Пішін: стандартты жазбаша/ауызша, офлайн/онлайн. Платформа: АЖ «Универ».

№	Блум таксономиясы		ДЕСКРИПТОРЛАР				
			Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
1	Білім	Ұпай	27-30 ұпай	21-26 ұпай	15-20 ұпай	8-14 ұпай	0-7 ұпай
		Критерий					

	1-сұрақ. Максималды балл – 30 ұпай	Қорытынды бағалауда қарастырылған тақырыптарға қатысты іргелі ұғымдар мен принциптерді нақты түсінгенін көрсету.	Нюанстар мен байланыстарды қоса алғанда, тақырыптың ерекше түсінігін көрсетеді.	Тақырыптың нақты және тиянақты түсінігін көрсетеді.	Сұрақтың мәнді тақырыбының негізгі түсінігін көрсетеді.	Тақырыптың мәнін түсіндіру қиын, түсінуде олқылықтар көп.	Тақырыпты аз немесе мүлдем түсінбейтінін көрсетеді.
2	Түсіну	Ұпай	27-30 ұпай	21-26 ұпай	15-20 ұпай	8-14 ұпай	0-7 ұпай
	Критерий						
	2-сұрақ. Максималды балл – 30 ұпай	Қорытынды бағалау кезінде талқыланған негізгі идеяларды, тақырыптарды немесе мәселелерді түсіндіру арқылы ақпаратты түсіндіру және қорытындылау.	Егжей-тегжейлі және нақты түсініктемелер береді, сұрақтың мазмұнын қорытындылайды және түсіндіреді.	Мәселе мазмұнына тиімді түсініктемелер, қорытындылар және интерпретациялар береді.	Негізгі деңгейде мәселе бойынша адекватты қорытындылар, түсініктемелер және түсіндірулер беру арқылы ақпаратты түсіндіреді.	Ақпаратты түсіндіру, қорытындылау немесе түсіндіру қиынға соғады.	Ақпаратты дұрыс түсіндіре алмайды, қорытындылай алмайды немесе түсіндіре алмайды.
3	Қолдану	Ұпай	36-40 ұпай	28-39 ұпай	20-27 ұпай	10-19 ұпай	8-9 ұпай
	Критерий						
	3-сұрақ. Максималды балл – 40 ұпай	Пәнге қатысты нақты мәселелерді немесе сценарийлерді шешу үшін алынған білім мен түсінікті қолданыңыз.	Күрделі есептерді шешу үшін білімді жүйелі түрде қолданады.	Практикалық есептерді шешу үшін білімін сауатты қолданады.	Білімді белгілі бір дағдымен қолданады, бірақ жауаптар қарастырылып отырған мәселелерді шешу үшін жеткілікті терең болмауы мүмкін.	Мәселелерді шешу үшін білімдерін қолдануға тырысады.	Есептерді шешу үшін білімді қолдана алмайды.
Қорытынды бақылауды есептеу формуласы: Қорытынды бақылау (ҚБ) = 1 сұраққа ұпай + 2 сұраққа ұпай + 3 сұраққа ұпай							